ЖК "Курбанова З.Н. ЖСН: 900329401973," Шымкент қаласы, Пахтакор-1 Мамыр-1 көшесі, bekbosynov.bagdat@mail.ru +7 777 098 68 83

Шығ.№ 7. «01» 04 2019ж.

Шымкент қаласы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысына
ЖК "Курбанова З.Н." атынан Курбанова З.Н.
Тел:

ЖК "Курбанова З.Н." "Шымкент қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған № **3026160-2** конкурс (Работы по содержанию памятников находящихся на территории парков и скверов города Шымкент) бойынша № 23023586-ОК1 лотқа қатысқан болатын.

Әлеуетті өнім беруші **ЖК "Курбанова З.Н."** конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігіне сәйкес талап етілген барлық еңбек және материалдық ресурстарды ұсынған, растаушы құжаттарының электрондық көшірмелерін өтінімге қоса тіркеген. Алайда, конкурстық комиссия ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы мен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарын толық сақтамай, ЖК **"Курбанова З.Н."-ді** негізсіз себептермен конкурсқа қатысудан заңсыз шеттеткен. Яғни, 27.03.2019 жылғы Қорытындылар туралы хаттамада **ЖК "Курбанова З.Н."**-ның осы конкурстың барлық талаптарына толық сәйкес келетінін ескермей, жеңімпаз атануының мүмкіншілігін жойып отыр.

Сонымен қатар, осы конкурста "Мрамор Гранит Тас" ЖШС-нің жеңімпаз атануына ықпал жасап, артықшылық көрсетілген. Өйткені, "Мрамор Гранит Тас" ЖШС конкурс талаптарына сәйкес келмейді. Олар: Погрузчик ковшовые универсальные до 0,8 т - 3 дана, Автомобиль бортовые до 8 т - 2 дана техникаларын мүлдем ұсынбаған. Осы себептер негізінде "Мрамор Гранит Тас" ЖШС, ҚР-ның Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағына сәйкес конкурстан шеттетілуге жатады.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сізден, **"Курбанова З.Н."** жеке кәсіпкерінің өтінімі конкурстық құжаттама талаптарына толығымен сәйкес келетіндігі мен шартты жеңілдікті есептегендегі бағасы ең төмен екендігін көрсете отырып, конкурсты ұйымдастырушыға қорытындылар туралы хаттаманы қайта қарау үшін **хабарлама жіберуіңізді сұраймын**.

ЖК "Курбанова З.Н." директоры **Курбанова З.Н.**